



**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филофия кафедрасы**

6D020100 философия мамандығының докторанты

**Рахимжанова Саяна Кадырқызының PhD ғылыми дәрежесін алу үшін
жазылған «Дәстүр – философиялық мәселе» атты диссертациялық**

жұмысына

ПКІР

Дәстүр кез келген ұлттың өзіне ғана тән ерекшелігі, ол қандай да бір халықтың өзіндік болмысын, рухани құндылықтарын, қоғамдық заңдылықтарын, мақсат-мұраттарын айқындайды. Өйткені, әрбір халықтың өзге бір халықтан өзгешелігі, адами және рухани құндылықтары ежелгі дәстүрлерге негізделеді.

Докторнат Рахимжанова Саяна диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін дұрыс қойған. Зерттеу әдісі мен әдістемесі мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертацияның құрлымы төрт бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде дәстүр мәселесін зерттеудің теориялық негіздерін қарастырған, екінші бөлімде дәстүрдің қалыптасу және жалғасу үрдістерін айқындаған, үшінші бөлімде дәстүрдің философиялық болмысын зерделеген, төртінші бөлімде қазіргі замандағы дәстүр мәселесін заманауи қырынан зерттеген.

Докторант дәстүр мәселесін философиялық ұғым ретінде ашып, саралау тұрғысынан көп жұмыс жүргізген. Халықтық салт-дәстүрлер туралы аса маңызды теориялық қағидаларға талдау жасап, олар туралы түсініктерді кеңейте түскен, дәстүрдің әлеуметтік құбылыс ретіндегі әлеуметтік-идеологиялық мәні мен функцияларын, формалары мен мазмұнын, тәрбиелік мүмкіндіктерін, өңірлік және жалпы ұлттық аспектілерін ашқан.

Дәстүрдің халықты тәрбиелеудегі алатын орны мен атқаратын рөлі, тәрбиелік мәні талданған. Адамның бойындағы адамгершілік, рухани құндылықтардың қалыптасуындағы, халықтың дамуындағы, өркениет игіліктері мен заманауи ғылымның жетістіктеріне икемделуіндегі дәстүрдің орасан зор рөлі көрсетілген. Шығыс, Батыс, Ресей, Қазақ ғалымдарының ойларына талдау жасалған. Ғалымдардың еңбектерін жан-жақты зерттеумен қатар, өзіндік тұжырымдар жасай білген. Докторант талдау барысында ғылыми жаңалық мәртебесіне ие бірқатар нәтижелерге қол жеткізген. Атап айтқанда, дәстүрдің философиялық болмысын «ізгілік», «игілік», «құндылық» секілді ұғымдармен байланыстыра отырып, адамзат өміріндегі рөлін саралаған.

Тұтас алғанда, диссертациялық жұмыс толық аяқталған, ғылыми-практикалық маңызы бар, дербес зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысында кешендік, антропологиялық, визуалдық, герменевтикалық, эмпирикалық, теориялық әдістер қолданылған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Рахимжанова Саяна Кадырқызының 6D020100 «Философия» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Дәстүр – философиялық мәселе» атты диссертациялық жұмысына оң баға беремін және Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
саясаттану ғылымдарының докторы,
профессор, Дронзина Т.А.

